



«Бір тамшы мейірім»

Қоғамның дамуы тек материалдық жетістіктермен ғана емес, адамдар арасындағы мейірім мен жанашырлықтың деңгейімен де өлшенеді. Адамгершілік, бауырмалдық, қолдау көрсету секілді қасиеттер әр ұлттың рухани тірегі болып саналады. Осындай асыл қасиеттерді дәріптеуді мақсат еткен «Бір тамшы мейірім» қайырымдылық іс-шарасы шынайы жанашырлық пен ізгі ниеттің жарқын көрінісіндей болып өтті.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы «Бір тамшы мейірім» атты қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды. Жәрмеңке Сайрам ауданы, Қасымбек датқа ауылындағы облыстық арнаулы өлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығында өтті.

Іс-шара барысында балаларға түрлі сыйлықтар табысталып, шағын концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Балалардың жүзіндегі шаттық пен шынайы күлкі жүректерге ерекше жылылық сыйлап, қатысушыларға үлкен әсер қалдырды.

Бұл игі іс-шара балаларға тек материалдық көмек көрсетіп қана қоймай, рухани тұрғыдан да қолдауымен есте қалды. Олар үлкендердің қамқорлығын сезініп, өз болашағына үмітпен

қарауға тағы да бір қадам жасады.

Қайырымдылық мәдениетін қалыптастыру – тәрбиенің ең биік сатысы. Мұндай іс-шаралар балалар мен жасөспірімдердің бойына мейірімділік, жанашырлық, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді сіңіреді. Жастардың қоғамдық белсенділігін оятып, өлеуметтік жауапкершілігін тереңдетеді.

Біз осындай игі бастамалар арқылы әрбір баланың бақытты өмір сүруге лайық екенін тағы да бір мәрте дәлелдейміз. Алдағы уақытта да мұндай игі шаралар жалғасады деп сенеміз.

**Г.САТЫЛХАНОВА,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
зерттеу университетінің
техникалық мамандықтар
үшін шет тілі
кафедрасының
профессор-оқытушысы,
философия докторы (PhD).**